

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«31» қазан 2017 жыл

БЖЗК-ның 2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша инвестициялық портфелі

2017 жылдың басынан бастап 9 ай қорытындысы бойынша салымшылардың шоттарына бөлінген таза инвестициялық табыс 462 млрд. теңгеден асып түсті. Зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыс қаржы нарығындағы жағдай мен ҚР Ұлттық Банкі зейнетақы активтерін инвестициялаған қаржы құралдарының құнына байланысты екенін естеріңізге саламыз. Зейнетақы активтері портфелін басқару бойынша инвестициялық қызмет туралы толық ақпарат БЖЗК-ның ресми сайтына орналастырылған:

<https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/27d/27d66cdea11c4d25d2c4a77f90785da7.pdf>

Ұзақмерзімді келешекте табыстылықтың теңдестірілген деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз инвестициялық стратегиясында түрлі қаржы құралдарынан тұратын әртараптандырылған инвестициялық портфель тұжырымдамасын ұстанады.

2017 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҚР ҰБ басқаруындағы БЖЗК-ның зейнетақы активтері барлығы 7 544,70 млрд. теңгені құрады, бұл көрсеткіш 6 680,14 млрд. теңгені құраған жыл басымен салыстырғанда ол 864,56 млрд. теңгеге көп (өсім шамамен 13%).

Бұл ретте БЖЗК-ның зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліндегі борышқорлық қаржы құралдарын өтеуге орташа сараланған табыстылық ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша жылына 7,8% құрады.

2017 жылдың 1 қазанында портфельдегі негізгі үлес – 43,27%-ды Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары құрады, олардың ағымдағы құны 3 264,72 млрд. теңге болды. Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі бойынша екінші орында Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің облигациялары орналасқан, олардың портфельдегі үлесі 16,77%-ға тең. Бұл облигациялардың ағымдағы құны 1 265,47 млрд. теңгені құрады. Үшінші орында – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сынайлы ұйымдарының облигациялары. Олардың құны 852,85 млрд. теңгені, ал зейнетақы активтері портфеліндегі үлесі – 11,3% құрады.

БЖЗК зейнетақы активтерінің сенімгерлік басқарудағы инвестициялық портфелінің құрылымы ұлттық валютада (71,12%), АҚШ долларында (28,28%) және ресей рублінде (0,49%) берілген.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері болып табылады. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

*«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ-пен байланыс үшін: press@enpf.kz*

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

«__» октября 2017 года

Инвестиционный портфель ЕНПФ по состоянию на 1 октября 2017 года

По итогам 9 месяцев с начала 2017 года чистый инвестиционный доход, распределенный на счета вкладчиков, превысил 462 млрд тенге. Напомним, что инвестиционный доход по пенсионным активам зависит от ситуации на финансовых рынках и стоимости финансовых инструментов, в которые Национальным банком РК были инвестированы пенсионные активы.

Подробная информация об инвестиционной деятельности по управлению портфелем пенсионных активов размещена на официальном сайте ЕНПФ:

<https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/ee0/ee056d385605c7af17bbdf14ef3a727f.pdf>

В целях обеспечения сбалансированного уровня доходности в долгосрочной перспективе Национальный банк Республики Казахстан в своей инвестиционной стратегии придерживается концепции диверсифицированного инвестиционного портфеля, который состоит из различных финансовых инструментов.

Всего по состоянию на 1 октября 2017 года пенсионные активы ЕНПФ, находящиеся в управлении НБРК составили 7 544,70 млрд тенге, что на 864,56 млрд тенге больше, чем на начало года, когда этот показатель составлял 6 680,14 млрд тенге (прирост порядка 13%).

При этом средневзвешенная доходность к погашению долговых финансовых инструментов, находящихся в инвестиционном портфеле пенсионных активов ЕНПФ, по состоянию на 1 октября текущего года составила 7,8% годовых.

На 1 октября 2017 года основную долю в портфеле – 43,27% – составляют Государственные ценные бумаги Республики Казахстан, текущая стоимость которых составила 3 264,72 млрд тенге. На втором месте по объему инвестированных пенсионных активов находятся облигации банков второго уровня Республики Казахстан, чья доля в портфеле равна 16,77%. Текущая стоимость этих облигаций составила 1 265,47 млрд тенге. На третьем месте – облигации квазигосударственных организаций Республики Казахстан. Их стоимость составила 852,85 млрд тенге, а доля в портфеле пенсионных активов – 11,3%.

Структура инвестиционного портфеля пенсионных активов ЕНПФ, находящегося в доверительном управлении, выражена в национальной валюте (71,12%), в долларах США (28,28%) и в российских рублях (0,49%).

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы

Совету по управлению Национальным фондом, который возглавляет Президент Республики Казахстан.

В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

*Пресс-центр АО «ЕНПФ»
Контакты для СМИ: press@enpf.kz*